

**Кімге:** Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы бөлімі министрлігіне

**Кімнен:** Зейноллин Олжас Жандосұлы Абай облысы Абай ауданы Саржал ауылдық округі әкімінің аппараты» Мемлекеттік мекемесі жетекші маманы

**Күні:** 11.11.2024

**Тақырыбы;** Ауыл шаруашылығы мал басын көбейту

### **Аналитикалық жазба**

Мал шаруашылығы халықты азық-түлікпен (сүт, май, ет, т.б.), жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары, т.б.), ауыл шаруашылығы өндірісін күш-көлік (ат, өгіз, түйе, т.б.) және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы өнімдері мен оның қалдықтарынан мал азықтары (майсыздандырылған сүт, ет-сүйек және сүйек ұндары, т.б.), дәрі-дәрмектер мен биологиялық белсенді (активті) заттар (емдік сарысулар, гормонды қосылыстар, т.б.) алынады.

Мал шаруашылығы салаларына ірі қара, қой, ешкі, жылқы және түйе шаруашылықтары жатады. Мал шаруашылығының ғылыми негізі зоотехния болып табылады. ауыл шаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы. Мал шаруашылығы халықты азық-түлікпен (сүт, май, ет, т.б.), жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары, т.б.), ауыл шаруашылығы өндірісін күш-көлік (ат, өгіз, түйе, т.б.) және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы өнімдері мен оның қалдықтарынан мал азықтары (майсыздандырылған сүт, ет-сүйек және сүйек ұндары, т.б.), дәрі-дәрмектер мен биологиялық белсенді (активті) заттар (емдік сарысулар, гормонды қосылыстар, т.б.) алынады. Мал шаруашылығы салаларына ірі қара, қой, ешкі, жылқы және түйе шаруашылықтары жатады. . Дегенмен, бұл салалар климаттың өзгеруі, халық санының өсуі, тұрақты даму және цифрландыру қажеттілігі сияқты бірқатар қиындықтарға тап болады. Бұл талдауда біз ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өндірісінің алдында тұрған негізгі үрдістер мен міндеттерді, сондай-ақ инновациялар мен тұрақты даму әлеуетін қарастырамыз. Ал жайылымдық жердің жетіспеушілігі бүгінгі күннің басты мәселесіне айналған. Өйткені ауыл іргесіндегі жерлердің басым бөлігі кезінде кәсіпкерлердің иелігіне өтіп кеткен. Соның салдарынан ауылдағы ағайын азын-аулақ малын көбейте алмай отыр [1].

Мал өсіру әдістері таңдап алған малдың тұқымдық және түрлік тегін ескере отырып жүргізген жұп таңдау жүйесінің нақты іске асыру жолдарын айтады. Әр тұқымды оның өзіне тән өзгешелігіне сәйкес пайдалану дұрыс болады. Ол үшін мал өсірудің ғылым мен тәжірибе тапқан түрлі-түрлі жолдары бар. Оның қайсысын қолдану жоғарыда айтылған жағдайларға тығыз байланысты. Қазір ғылымның қол жеткізген деңгейінде барша елдер мойындған мал өсіру әдістерінің үш түрі бар. Олар:

1. таза тұқым өсіру
2. будандастыру
3. тұраралық будандастыру

Таза тұқым өсіру әдісі ұрпақтан-ұрпаққа бір тұқымның малын өзара шағылыстыруды айтады. Таза тұқым өсіру қазіргі уақытта да, келешекте де мал шаруашылығында жетекші роль атқарады. Себебі тек таза тұқым өсіру әдісі арқылы ғана белгілі бір мал тұқымын сақтап және оны одан әрі жетілдіруге болады. Бір тұқымның малында өнімнің бағыты мен мөлшері жалпы биологиялық және нәсілдік қасиеттері жағынан бір бағытта жүргізген сұрыптау, жұп таңдау жұмыстары жәнетегінің, өскен орталарының бірлігіне байланысты көптеген ұқсастық болады. Осыған байланысты оларды шағылыстырып отырғанда, бұл ұқсастық ұрпақтан ұрпаққа тарайды және күшейе береді, олардың өздеріне тән биологиялық және шаруашылыққа тиімді қасиеттерін ұрпағына беру қабілеттілігі арта түседі. Мұның бәрінің негізінде – мал тұқымын таза өсірген уақытта, малдың тұқымқуалаушылық қасиеттерінің гомозиготалық дәрежесінің көбеюі жатыр. Таза тұқым өсіру әдісінің бұл ерекшеліктері асыл тұқымды мал бағытталған шаруашылықтарының негізгі міндетіне сай келеді. Ол міндет өз тұқымына тән, өз бойындағы қасиеттерін ұрпағына тұрақты бере алатын мал өсіру, оларды тұқым ретінде басқа шаруашылыққа сату. Таза тұқым өсіру әдісі сапалы, мол өнімді малы бар өндірістік шаруашылықтарда да қолданылады. Мұндай шаруашылық асылдандыру жұмысын жолға қою арқылы асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылыққа айналады. Қорытып айтқанда, таза тұқым өсіру әдісі белгілі бір мал тұқымын сақтап, оны одан әрі жетілдіру үшін және таза тұқымды мал санын көбейту үшін қолданылады. Таза тұқымды мал санын өсіру әдісінің табысты болуы мынадай басты шарттарға байланысты

1. өнімі шаруашылықтың бағытына, биологиялық қасиеттері жергілікті жердің жағдайына, ауа райына сәйкес келетін мал тұқымын таңдай білу

2. өнімділік және тұқымдық қасиеттері жағынан өсіру де алға қойған мақсатқа сай келетін, малдың ең жақсыларын жүйелі түрде сұрыптап өсіру

3. іріктеліп алынған малдың бір-біріне неғұрлым лайықты аталық және аналық жұптар құрастыру, яғни жұп таңдау

4. мал тұқымының биологиялық ерекшеліктері мен өнімділік қасиеттерінің толық дамуына қолайлы мал азықтандыру, бағып-күту жағдайын жасау.

Таза тұқымды өсіру әдісі арқылы алынған малды таза қанды деп атайды. Малдың таза қандылығы әдетте оның келешекте мол өнім беруімен оның төзімділігі жатады. Таза тұқым өсірудің жоғары дәрежелі, күрделі түрі мал тұқымы ішінде өзіндік ерекшеліктері бар топтар – аталық ізбен ұялар құру және оларды мал тұқымын жақсарту бағытында тиімді пайдалану. Мал тұқымын жақсартудың шегі жоқ

Трендтер мен мәселелер:

\* Климаттың өзгеруі: құрғақшылық, су тасқыны және аптап ыстық сияқты экстремалды ауа-райы жағдайлары мал санына кері әсерін тигізуде.

\* Халық санының өсуі: 2050 жылға қарай жер шарындағы халық саны 9 миллиард адамға жетеді, бұл азық-түлік өндірісін 70%-ға арттыруды талап етеді.

\* Тұрақты даму: парниктік газдар шығарындыларын азайтатын, биоәртүрлілікті қорғайтын және топырақ құнарлылығын сақтайтын тұрақты ауыл шаруашылығы тәжірибесін енгізу қажет.

\* Цифрландыру: дәл ауыл шаруашылығы, робототехника және жасанды интеллект сияқты заманауи технологияларды пайдалану ауыл шаруашылығының тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Инновацияның әлеуеті:

\* Нақты ауыл шаруашылығы: суды, тыңайтқыштарды және пестицидтерді пайдалануды оңтайландыру үшін сенсорларды, дрондарды және деректерді пайдалану.

\* Биотехнология: Аурулар мен зиянкестерге төзімді ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын жасау, сонымен қатар мал өнімділігін арттыру.

\* Тұрақты мал шаруашылығы: метан шығарындыларын және суды тұтынуды азайтатын жасыл мал шаруашылығы тәжірибесін дамыту.

Негізгі қорытындылар:

\* Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы инновациялар мен тұрақты тәжірибелер арқылы климаттың өзгеруіне және халық санының өсуіне бейімделуі керек.

\* Цифрландыру саланың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

\* Жаңа технологиялар мен шешімдерді жасау үшін ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге инвестиция қажет.

Ұсыныстар:

\* Үкіметтер ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығында инновациялар үшін қолайлы жағдай жасауы керек.

\* Фермерлер тиімділікті арттыру және қоршаған ортаны қорғау үшін жаңа технологиялар мен тұрақты тәжірибелерді қабылдауы керек.

\* Тұтынушылар үшін органикалық өнімдерді таңдау және тұрақты ауыл шаруашылығын қолдау маңызды.

Қазіргі заманда бірден-бір экономикамыздың өркендеуі халқымыздың хал-ауқатының жоғары болуы. Бұл жағдай ауылшаруашылық жағдайын жақсартпай тұрып, яғни ауыл шаруашылығын жоғарғы деңгейге көтеру. Малдың тұқымын асылдандыру. Бұрынғы замандағы жаз жайлау, қыс қыстау дәуірін қайта жаңғырту. Малдың санын көбейту. Жас малдың жаңа жағдайға бейімделуі сақа малға қарағанда жеңіл өтеді, сондықтан асыл тұқымды малдарды

түлектерін немесе жасанды ұрықтандыру жолымен көбейту әдістерін қолға алу. Оңтүстік малының солтүстік аймақтың жағдайларына бейімделуі, солтүстік малының оңтүстік жағдайларына бейімделуіне қарағанда көп жеңіл өтеді, осы жағдайға да аса көңіл бөлу керек. Малды жерсіндіруге әкелуден бұрын оның өскен мекені мен жаңа тіршілік ортасының ауа-райы, жер жағдайын жан-жақты салыстырмалы зерттеу нәтижесінде, оларды жылдың қай мезгілінде алып келуді алдын ала шешу. Алып келген малға мүмкіндігінше жақсы жағдай жасау. Сұрыптау мен жұптау жұмыстарын ұрпақтан ұрпаққа үзбей жүргізу. Әр түрлі малдардың жаңа ортаға бейімделуі әр түрлі болады. Малдың жаңа ортаға бейімделуін, оның өсіп-өнуі, өнімділігі аз мекеніндегі көрсеткіш деңгейіне жетсе, онда бұл тұқым жаңа тіршілік ету жағдайына жақсы жерсініп, бейімделген болып есептелінеді. Егер әкелінген мал бұл жерді жерсінбесе, бірнеше ұрпақтан кейін өліп-жітіп бітеді, жартымды өнім бермейді. Осы мәселелерді көздей отырып біз осы малдардың азығын жақсарта отырып оның салмағының артуын, етінің, өнімінің ұлғаюын көздедік. Екіншілік пен мал шаруашылығы әлемдік экономика мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ағымдағы қиындықтарды шешу және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін инновациялар, зерттеулер мен әзірлемелерге инвестиция және фермерлер, ғалымдар және үкіметтер арасындағы тығыз ынтымақтастық қажет.[3].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B0%D0%BB\\_%D1%88%D0%B0%D1%80%D1%83%D0%B0%D1%88%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%93%D1%8B](https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B0%D0%BB_%D1%88%D0%B0%D1%80%D1%83%D0%B0%D1%88%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%93%D1%8B)
2. <https://cf.ppt-online.org/files/slide/u/uMD6PvNdQaEz0eUisAkqpS7gwVfB83ZjOI4RXW/slide-2.jpg>
3. Малдардың тұқымын асылдандыру (yaneuch.ru)